

Хаттама № 6

«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

«23» ақпан 2026 жыл

2026 жыл 23 ақпан күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

2026 жылдың ақпан айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т. Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде хабарлама жасады.

Жарыссөз:

А.Амантайқызы (комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог)

2026 жылдың ақпан айында тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының хабарламасын тыңдап отырмыз. Мектептегі 432 оқушының 198 оқушысы ыстық тамақпен қамтылған. 1-4 сыныптар бойынша 174 оқушы, 5-11 сыныптар бойынша 24 оқушы мектеп асханасынан ыстық тамақ ішеді. Мектеп асханасының жағдайын, асхананың ішкі тазалығын, ыдыс –аяқтардың дұрыс жуылуын, азық-түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімін қадағалап тексердік. Бекітілген мәзір бойынша тамақ беріледі. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Тоңазытқыштың да ішіндегі тағамдардың сақталу тазалығы қаралды.

А.Жазықбаева (комиссия мүшесі,)

Мектептегі ыстық тамақтың ережеге сай берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Балалар уақытында кестеге сәйкес тамаққа келіп отырғанын көрдік. Тамақ нормаға сай берілуде. Балалар тамақты жақсы ішіп отыр. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Тамақтану сапасының куәландыратын құжаттары тексерілді. Ескертетін бір жайт тамақ сертификаттарының, соның ішінде: көкөністер мен жеміс-жидектер, кептірілген жемістердің жарамдылық мерзімі аяқталған.

Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:

1. Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбичесі Г.Шойынбайқызы міндеттелінсін.
2. Ақпан айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог А.Амантайқызына міндеттелінсін.

Т.Калиева

Комиссия төрайымы, мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

А.Жазықбаева

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.Шокан

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Г.Шойынбайқызы

Мектеп медбичесі

А.Амантайқызы

Әлеуметтік педагог